

А. ОҢҒАРҰЛЫ

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРІКТЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ

Қасиетті Алтай өңірі – ежелгі көшпелі өркениеттің алтын бесігі, өзінің географиялық орналасуындағы тиімділігіне байланысты көне заманнан бері Евразиядағы көптеген көшпелі халықтардың толассыз көші-қон процестерінің тоғысар торабы, алуан түрлі этномәдени байланыстардың қайнаған ортасы.

Осы мақаланың авторы аталған өңірден зерттелінген көне түріктердің жерлеу және ғұрыптық ескерткіштері мен жерлеу ғұрпына сүйене отырып, көне түріктердің дүниетанымы жайлы өз талдаулары мен көзқарастарын ұсынып отыр.

Сонымен көне түрік дәуірінің ғұрыптық ескерткіштері археология ғылымында «қағандық» және «қарапайым» болып екі топқа топтастырылады. «Қағандық» ескерткіш ең алғаш 1720 жылы Д. Г. Мессершмидт экспедициясымен Минусинск қазаншұңқырындағы Знаменка ауылынан ашылса, ең жақсы зерттелген және бай өлке болып Моңғолия саналады. Онда атақты Күлтегін, Тоныкөк, Янтобо, Хушо-цайдам ескерткіштері бар. «Қағандық» ескерткіш «қарапайым» қоршаулардан неғұрлым жақсы зерттелген болып саналса да, Тувада тек төрт қағандық ескерткіш белгілі, оның Сарыг-Булыны ғана қазылды¹. Ал Таулы Алтайда он төрт ескерткіш белгілі, қазылғаны жетеу². «Қағандық» мемориалды ескерткіш-тер VI ғасырдың ортасында I Түрік қағанатының пайда болуымен қатар шықты және өркендеді³. Онда бұл ескерткіштердің негізгі ядросы – Моңғолия екені түсінікті, ал Тува, Оңтүстік Сібір өлкелері кейінгі жаулап алынған жерлер.

Қарапайым түрдегі қоршауларды 1885 жылы Таулы Алтайдағы Онгудайда В. В. Радловтың қазуымен зерттеу басталғанды. Кейінгі зерттеулер бойынша, оның таралу аймағы Моңғолия, Тува, Хакасия, Таулы Алтай, Шығыс және Орталық Қазақстан

және солтүстік-шығыс Қытайға дейінгі аумақты қамтиды.

Жалпы «қарапайым» қоршаулар V ғасырдан X ғасырға дейін өмір сүрді. Көне түрік қоршаулары деп іші ұсақ жұмыртастармен аралас толтырылған, сырты қырынан қойылған тас плиталармен қоршалған төртбұрышты құрылыс. Оның ішкі құрылымын тас жәшік, диаметрі 30–40 см ағаш діңгектің шірінділер орындары, ішіне қойылған жылқының жақ сүйегі, тістері және қой сүйегі, Юстыд қоршауларына ғана тән ыдыстар мен ошақтар қамтиды.

Қоршаулар жөнінде ғылымда әлі пікірталас көп. Л. А. Евтюхова, С. В. Киселев, А. Д. Грач бойынша бұл «көрші обадағы жерленген адамға тұрғызылған еске алу, құрбандық шалу орны» десе, екінші көзқарастағылар А. А. Гаврилова «қоршаулар – жерлеу орны» дейді, бірақ адам сүйегінің табылмауына байланысты мұны Орхон типті ескерткіштерге жатқызады. Бірақ өзекті мәселе болып, А. А. Гаврилова айтқандай: «сырт-қы белгісімен анықталар қоршаулар... көп, алайда қоршаулардың уақытқа байланысты өзгеруін көріп, кезеңдейтін материал аз»⁴ болып қала берді және бұл қоршаулар кешенді түрде зерттеуді қажет етеді⁵.

Шығыс Қазақстандағы ғұрыптық ескерткіштердің зерттелуіне келсек, тек 1911 жылы А. В. Адрианов «қағандық» үш-төрт кешен (Қарақаба және т.б.) қазды⁶. Одан бері ғасырға жуық уақыт бойы зерттелмей қалып отыр, тек 1997–1998 жылдары З. С. Самашев бастаған қазақ-француз біріккен археологиялық экспедиция Шығыс Қазақстандағы Катонқарағай ауданы Майемер ауылынан оңтүстікте Майемер II обаларына (1997 ж.), Берел ауылынан батыста сегіз километр жерде Берел II обалар тобына (1998 ж.) археологиялық қазба жүргізгенде, көне түрік дәуірінің екі қоршауы ашылды:

¹ Кызласов Л. Р. 1975. 51-57 б.

² Кубарев В. Д. Древнетюркские изваяния Алтая. Новосибирск, 1984. 23-29 б.

³ Гаврилова А. А. Могильник Кудыргэ как источник по истории Алтайских племен. Л., 1965. 18 б.

⁴ Гаврилова А. А. Могильник Кудыргэ как источник по истории Алтайских племен. Л., 1965. 99б.

⁵ Кубарев В. Д. Новые сведения о древнетюркских оградках Восточного Алтая // Новое в археологии Сибири и Дальнего Востока. 1979. 135 б.

⁶ Адрианов А. В. К археологии Западного Алтая (из поездки в Семипалатинскую область в 1911 г.) // ИАК-Пг. Вып. 62. 1916. 48-51 б.

1. Майемер ауылынан оңтүстік-батыстағы белде орналасқан тас құрылымды, дөңгелек пішіндегі қоршау. Құрылымның негізін жалпақ плиталардан құралған үш-төрт қатар биіктіктегі қоршау құрайды. Қоршаудың ортасында сопақша пішіндес Б, СБ-Ш, ОШ бағыттағы тас жә-шікке ұқсас үйме жатты. Оның ортасында және сыртында ат терісін ілуге арналған (мүмкін) ағаш дінгек орны – шұңқыр ашылды. Ешқандай зат табылмады.

2. Берел ауылының солтүстік-шығыс бө-лігінде орналасқан. Қоршаудың қазбаға дейінгі диаметрі СБ–ОШ бағытта – 6,20 метр, ал СШ–ОБ бағытта – 6,60 метр тас құрылымды. Қоршаудың биіктігі жиырма-отыз сантиметр, екі-төрт қатар таспен қаланған. Қоршаудың ашылғаннан кейінгі диаметрі – 3,80 метр. Қоршаудың ішіндегі кіші (жұмыртас, ұсак тас) тастар құраса, осының астыңғы қабатындағы тастар ірі (15x20x5 сантиметрден 30x40x50 сантиметрге дейін). Қоршау ішінен сүйек табылды, ал шығыс сектордан охранның қалдығы табылды.

Бұл екі ғұрыптық ескерткіш те «қарапайым» қоршаулар түріне енеді. Қазақ Алтайындағы бұл екі қоршау Таулы Алтайда, Тувада неғұрлым жақсы зерттелген қоршаулармен салыстырғанда, өзінің құрылымы мен көлемі бойынша ұқсас, бірақ кедей және қарапайым формада. Материалдың аздығынан, зерттелудің нашарлығынан Қазақ Алтайындағы көне түрік дәуірінің ғұрыптық ескерткіштері жөнінде анық басып айту және топтамасын, классификациясын жасау әлі ерте.

Ғұрыптық ескерткіштер құрылысы жөнінде Қытайдың Суй Шу (84 бөлім, 2а бет), Чжоу Шу (50 бөлім, 46 бет) немесе Бэйши (99 бөлім, 36 бет) жылнамаларында жақсы сақталған және оны бізге жеткізген Н. Я Бичурин, Р. Ф. Итс, Б. Б. Вахтин, Л. Н. Меньшиков, Лю Маоцай, Я. А. Шер және Л. Р. Кызласов.

Қоршаулардың анық бір геометриялық пішінде (квадрат, төртбұрыш) салынғаны және дүниетанымдық ойды білдіретін талассыз. Қоршау құрылымының бір элементін ортадағы арнайы, қасиетті ағаш бен сыртында орналасқан бағана алады. Ағаш шірінділері Алтайдағы Юстыд типтес қоршауларда, Моңғолиядағы Хушо-Цайдам II, III, Худуу нуур ескерткіштерінде бар. Диаметрі 15–50 сантиметр, тереңдігі 63–65 сантиметр болып келетін ағаш

дінгектің шұңқырлары Таулы Алтайдағы Юстыд (1–3 қоршау), Боротал (26, 76 қоршау), Ұзынтал және т.б. обалар тобында ашылды. Қойылған ағаш саны бірден он төртке дейін (Унгету II) кездеседі және Оңтүстік Сібір мен Орта Азия аумағында таралған көне түрік дәуірі ғұрыптық ескерткіштерінің топтамасын жасауда В. Д. Кубарев мұны уландрық типіне енгізеді. Қоршаулар өлшемдері 0,5–1,5 метрге дейін, ал тас бағана биіктігі Моңғолияда төрт метрге дейін жетеді және бұрыш-бұрышта қосымша тас бағаналар орналасады. Сондықтан да құрбандыққа шалынған аттың терісін және басын тек ағашқа қана ілмейтік тұрғызылған дінгекке де ілген. Барлық жағдайда жылқы басы жоғары бағытталған, яғни жылқы өлікті о дүниеге жеткізеді деген түсінік.

Жалпы көне түрік ғұрыптық ескерткіштерінің классификациясын алғаш 1925 жылы Б. Я. Владимирцов орхон ескерткіштері негізінде жасап, бес типке бөлсе, кейін бірнеше он жыл бойы бұл классификация қаралмады және толықтырылмады. 1950 жылдар аяғында Тува мен Алтай «қарапайым» қоршаулардың топтамасы жасалынды⁷. А. А. Гаврилова Алтайдағы кейінгі көшпелілер қоршауларын берел, кудыргэ, катандинск, сrostкинск деп типтесе, кейін қазылған 116 қоршау негізінде В. Д. Кубарев кудыргэ, яконур, аютинск, юстыд, уландрық деп Таулы Алтай үшін бес типке бөледі.

Ерекше айтар жай, қоршаулар таралған ұланғайыр далада ешқандай адамды жерлеген із білінбейді, сондықтан да қоршауларды ғұрыптық ескерткішке жатады деп айтуға толық негіз бар.

Көне түрік дәуірі ғұрыптық құрылысының ажырамас бір бөлігі қоршаулардан шығысқа қарай тік тұрғызылып, қатарласа созылып жатқан тас балбалдар құрайды.

«Егер ол бір адам өлтірсе, бір балбал қойылады. Балбалдардың саны жүзден мыңға дейін барады»⁸. Н. И. Веселовский: «қытай деректері мен Орхон текстерін салыстырғанда мынадай қорытынды шығады: өлген адам қабіріне оның қанша адам өлтіргеніне байланысты сонша тас балбал қойылады және тізбектің басында оның негізгі жауын бейнелер ерекше мүсін қойылады. Бірақ, барлық жай плиталарды да балбал деп атау керек»⁹.

Ал Л. Р. Кызласов болса, «арнайы өңдеуден өтпеген және айрықша формасы жоқ өлтірген жау-

⁷ Кызласов Л.Р. Тува в период Тюркского каганата (VI–VIII вв.) // Вестник МГУ. Сер. IX. История №1. 1960. 56-57 б.; Гаврилова А.А. 1965. 99-103 б.

⁸ Бичурин Н.Я. Собрания сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Ч. 1. М.; Л., 1950. Т. 1. 130 б.

ын көрсетер жай тас» деп түйіндейді¹⁰. Бұл көзқарасқа А. Д. Грач та қосылады: «Тас мүсін негізгі жауын бейнелейді және ол о дүниеде өлген адамға қызмет етеді деген сенім»¹¹.

Екінші көзқарастағы Шинэхуудің айтуынша: «жерлеу процесіне қатысқан өлген адамның туыстары, әскері және т.б санымен балбалдардың саны да байланысты. Яғни, қанша адам келді, сонша балбал тұрғызылды»¹². С. И. Вайнштейн: «Өлікті дәріптеу үшін қойылған мемориалды ескерткіш» десе, С. Г. Кляшторный да «сый балбалдар» деп оған қосылады.

Ал үшінші көзқарастағылар¹³ этнографиямен байланыстыра отырып, «балбалдар – құрбандық шалуға келген және кейін өлікті еске түсіру үшін келгенде ат байлайтын орын» деп көрсетеді. Сонымен қатар басқа да жанама көзқарастар баршылық. Н. М. Ядринцев бойынша, тізбектеле созылған тас балбалдар – жол сілтеуші, көрсетуші маяк немесе аллея. Мұндайлар керексурларда да кездеседі.

Көне түрік дәуірінің мәдени кешенін әлеу-меттік-көркем құндылығын құрар тас балбалдармен қатар тас мүсін түсінігі бар. Тас мүсіннің ең ерте мерзімі «қудыргэ белгітасымен» байланыстырылып, б. з. V–VII ғғ. делінеді. Оның жалпы дамуы I Түрік қағанатына жататын басқа да (Мунгу-Хайрхан уула. Оңтүстік-батыс Тува) мүсіндермен байланысты. Жетісу мүсіндерін зерттеп, оның VI–XI ғғ. аралығындағы кезеңдемесін жасаған Я. А. Шер екі қолында да ыдыс бейнеленген мүсінді «әскери іспен айналыспайтын, жоғары топтағы ақсүйектер бейнесіне» жатқызады. Олай болса, бір қолында қаруы бар жауынгер бейнесі мен ақсүйек бейнесі бір уақытта жасалған. Жалпы түрік империясы өмір сүрген уақыттағы, аймақтағы қоршаудағы немесе обаның шығыс бөлігінде орналасқан тас мүсіндер жетпістен жүз елу сантиметрге дейінгі биіктікте, тереңдігі отыз бестен елу сантиметрге дейін қазылып орнатылған ақ түсті мрамор немесе извест тасынан жасалған ерекше өнер туындысы.

Қазақ Алтайындағы көне түрік дәуіріндегі тас мүсіндер жөнінде алғашқы дерек – 1890 жылы

Москвадағы археологтардың VIII съезінде А. А. Ивановскийдің жасаған баяндамасы болып табылады. Онда Шығыс Қазақстан мен Тарбағатайда тізбектеле орналасқан балбалдары бар алпысқа жуық обалар кезіккенін айтады. «Қас-қырдан қорғау үшін өлген адамның туысқандары тас әкеп қойған және жер бетіне «кедейлік» келмес үшін, сонымен бірге таспен қоршалған жерлер өлікке қарады, онда киіз үй тігуге және мал жаюға болмады» деп өз тұжырымын ұсынады¹⁴.

Кейін 1911 жылы қазба жүргізген А. В. Адрианов Қарақаба өзені бойынан оншақты мүсін кезіктіріп, сипаттауын жазады:

1. Қарақаба өзенінің оң жағында, Тұсқайын ауылынан бес километр қашықтықтағы тас мүсін. Биіктігі 1,98 метр, ені 0,24–0,25 сантиметр тактатастан жасалған. Иілген оң қолында тар мо-йынды ыдыс тұр, ал оң құлағында сырға бар.

2. Қарақаба өзеніне Бұғымүйіз, Талбұлақ өзендерінің құйылысында, тас қорғанның шығысында иілген оң қолында бокал тәрізді ыдыс бар, ал сол қолы белдігінде қанжарды ұстап тұр. Киім киіп тұрғаны кеудесіндегі айшықтан белгілі.

3. Білезік өзенінің оң жағында екі жүз метр жерде оң қолында ыдыс бар, ал сол қолына түбі дөңгелек, қисық қанжарды ұстап тұр, белінде дөңгелек айылбасты белбеу.

Ал 1947 жылы ШҚАЭ-ын басқарған С. С. Черников Трушников ауылы маңынан биіктігі 1,58 метр, ені 0,44 метр, қалыңдығы 0,24 метр болатын сұр граниттен жасалған тас мүсінге толық сипаттама жасады: басы мен денесі бөлінген қыр мұрынды, сопақша бетті, кеңсірігі мен қасы бірлесіп кеткен, оң қолында табаны кіші, биік ыдыс, ал сол қолында көкірегіне дейін созылған қанжар ұстап тұр делінген.

VI ғасырдың ортасынан Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір территориясында I Түрік қағанатын құрған түрік-туғолар мен оған әлеуметтік қатынаста бағынған, олардың күштерімен түріктер «солтүстік шөлейтте ерлік жасаған»¹⁵ – теле атты екі негізгі этномәдени топ шықты.

Теле Ханғайдан Тянь-Шанға дейін мекендеген,

⁹ Веселовский Н.И. 1915. 39 б.

¹⁰ Кызласов Л.Р. 1966. 206-208 б.

¹¹ Грач А.Д. Древнетюркские изваяния Тувы (по материалам исследований 1953–1960 гг.) М., 1961. 73-74 б.

¹² Шинэхуу М. 1980. 3-61 б.

¹³ Сорокин С.С. 1981. 30-37 б; Кубарев В.Д. 1984. 66-74 бб.

¹⁴ Ивановский А.А. 1897. Т. IV. 184-185 б.

құрамында хойху (ұйғырлар), сеяньто, даланьгэ, байегу, хун, тубо (дубо), гулигань (курукан), азы, чики тайпалары бар, бүгінгі алтайлықтар (теленгит, телеуіт, телес) мен тувалықтардың (телек) генетикалық тамыры бір. Телелердің түрік-тугюлардан ерекшелігі «өлікті өртемеген, жерге көмген». Осы жерде ойға бір келетіні – өлікті өртеп қою мен атпен бірге жерлеудің қайсысы ерте пайда болған және қай тайпаға тән? Ю. И. Трифоновтың айтуынша, VI–VII ғғ. түрік-тугюларда жазба және археологиялық деректер дәлелдеген өлікті өртеу дәстүрі болды. Солай болса да, тугюларда өлікті өртеу ғұрпынан өлікті өртеп, атпен бірге жерлеуге ауысуы қалай?

Шығыс Қазақстандағы ерте орта ғасырдағы түрік тайпаларының жерлеуінде шар тәрізді енді, мойнына горизонтальды қатар-қатар шұңқыр өрнек салынған қыш ыдыстар мен XII–XIV ғғ.-ақ Шығыс Европада кездесетін ромб тәрізді дес жебе ұштары кездеседі. Жерлеулердің бірі б. з. VIII–X ғғ. жататын Камышинкада өлікті өртегеннен кейін қабірге жерлеген. Жанынан темір пышақ, сегіз тәрізді шығыршықты ауыздық, ұшқырлы темір жебенің ұшы және де ағаш күйігі, сүйектер табылды. Қазақ Алтайында өлікті өртеу әдісімен жасалатын жалғыз немесе тобымен жерлеу тас немесе жер үйінді, тіпті жартас тастарынан қаланған қоршаулар астында жатады. Шығыс Қазақстан жерлеу ғұрпындағы өлікті өртеп қою бұл өлкеге тән емес және аз мөлшерде кезігеді.

Көне түрік үштігін құрайтын атпен бірге жерлеу ғұрпы қай этникалық бірлестікке қай кезең аралығында жатпасын, әйтеуір Орталық Азия, Моңғолия, Таулы Алтай және Қазақ Алтайында кең таралғаны анық. Кейінгі зерттеулер бойынша «Саян-Алтайдағы 51 ескерткіштен VI–X ғғ. жататын 192 атпен бірге жерленген қабір ашылып, одан 3000 жуық зат та-

былыпты»¹⁶. Бұл заттарға толық сипаттама берген А. А. Гаврилова¹⁷, В. А. Могильников¹⁸, Д. Г. Савинов¹⁹ еді және де қару-жарағына толық талдауды Ю. С. Худяков²⁰ жасады.

Атпен бірге жерлеу ғұрпының этникалық тегі жөнінде бүгінде түрік-тугюларға, түрік тілді теле тайпасына және әртүрлі этникалық топқа жатады деген үш түрлі көзқарас бар. Көне түрік дәуірінің атпен бірге жерлеу ғұрпын алғаш кезеңдеуді Л. А. Евтюхова мен С. В. Киселев қолға алып, оны руникалық жазу кезеңінің ескерткіштері деп санады²¹. Ал кейін ғана VI–VIII ғғ. жатқызды. Қудыргэ обалар тобы заттарына жүгіне отырып, А. А. Гаврилова төрт кезеңді ұсынды²².

Қазақ Алтайында б. з. VI–VII ғғ. жататын ескерткіш әлі ашылған жоқ, ал Қазақстан бойынша Егіз Қойтас²³ және Алматы²⁴ обалары ашылған. Катанда кезеңі (VII–VIII ғғ.) ескерткіштері ерекшелігіне «салтаков» түріндегі сырға, темір эс тәрізді ауыздықты Қазақ Алтайындағы Шілікті, №2 оба²⁵, Қара Қаба I ескерткіштері жатады.

Сібірден Орта Азияға қоныс аударған ұйғыр мен қырғыз тайпаларының жергілікті мәдениетке әсері болса керек. Зевакино материалы бойынша, өлікті өртеу ғұрпы тән қырғыздар ұзақ уақыт бойы IX–X ғғ. Ертіс бойындағы жергілікті халықпен байланыста болды²⁶. Көне түркі дәуіріндегі Орталық Азияның солтүстігіндегі ең соңғы мемлекет орталығы Ертісте болған Иемек, Эймюр, Байандур, Татар, Ланиказ, Ажлад, Қыпшақ атты жеті тайпа құрамына енген қимақтар елі еді. Сонымен бірге Қазақ Алтайындағы жақсы зерттелген кезең де болып табылады.

Қимақтар негізін қалаған мемлекеттік бірлестік құрамындағы тайпалардың археологиялық мәдениетін ашу әлі дискуссияға ұрындырса да б.з.

¹⁵ Бичурин Н.Я. 1950. 301 б.

¹⁶ Овчинникова. Б.Б. Семантика древнетюркских оградок Саян-Алтая // Древние культуры Центральной Азии и Санкт-Петербурга. С-П. 1998. 4 б.

¹⁷ Гаврилова А.А. 1965. 79-98 б.

¹⁸ Могильников В.А., Могильников В.А. Тюрки // Степи Евразий в эпоху раннесредневековья. 1981. 18 б.

¹⁹ Савинов Д.Г. 1984. 124-136 б.

²⁰ Худяков Ю.С. Типология погребений VI–XII вв. в Минусинской котловине // Археологический поиск Северной Азии. Новосибирск, 1980. 137-163 б.

²¹ Евтюхова Л.А., Киселев С.В. Отчет о работах Саяно-Алтайской археологической экспедиции в 1935 г. // Труды ГИМ. Вып. XVI. 1941.

²² Гаврилова А.А. 1965. 79 б.

²³ Кадырбаев М.К. Памятники ранних кочевников Центрального Казахстана // ТИИАЭ АН КазССР. 1959. 184-186 б.

²⁴ Курманкулов Ж.К. Погребение воина раннетюркского времени в г. Алма-Ате // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алматы, 1980. 191-198 бб.

²⁵ Черников С.С. 1961.

І мыңжылдықтың соңындағы Шығыс Қазақстандағы ескерткіштердің «қимактікі» екенін зерттеушілер (С. С. Черников, Ф. Х. Арсланова, Е. И. Агеева, А. Г. Максимова және т.б.) жалтармайды. Ертістегі ең ірі археологиялық зерттеулерді С. С. Черников (Пчела, Қызыл ту, Славянка, Юпитер және т.б. обалар тобы), Е. И. Агеева және А. Г. Максимова (Трофимовка, Подстепное, Совхоз 499 және басқа обалар тобы) және Ф. Х. Арсланова (Зевакино, Орлова, Бобровск обалар тобы) жүргізді.

Ұйғыр қағанатының құлауына байланысты қимақтардың мәдени және этно шығу тегін анықтайтын VII ғ. ортасы мен IX ғ. ортасына жататын ескерткіш жоқтың қасы. Бары шілікті обалар тобындағы №2 оба мен Подстепное ауылындағы бүлінген оба²⁷. Бұл материалдардың Таулы Алтайдағы Катанда кезеңімен ұқсас болуы қимақ мемлекетінде теле тайпаларының өмір сүргендігімен түсіндіріледі. Бірақ та VIII–IX ғғ. жататын Қазақ Алтайындағы обаларға атпен бірге жерлеу тән.

Қимақтардағы атпен бірге жерлеу дәстүрі VI–VIII ғғ. Алтай түріктерінің жерлеуімен ұқсастырылады. Бұл жағдай атпен қоса жерлеу дәстүрінің Таулы Алтайда VI–VII ғғ. бастау алып, кейін Қазақ Алтайына таралған деген болжамға әкеледі. Себебі Қазақ Алтайында VIII ғ. атпен қоса жерленген көне оба әлі табылған жоқ. Ал VIII–IX ғғ. Орловск обалар тобындағы №1 обаны жатқызуға болады. Онда шығысқа бағытталған табытта бала жерленген. Қабірдің оңтүстігінде төмен деңгейде үш ат және ит қоса жерленген, бала сүйегінен жоғары ер адам сүйегі ашылды. Бұл оба Таулы Алтайдағы Курай обасына ұқсас²⁸.

Қазақ Алтайында IX ғ. ортасына дейінгі ескерткіштердің аздығы Алтай теле тайпасымен туыстас жергілікті халықпен сипатталады. С. С. Черниковтың зерттеген IX–X ғғ. жататын обаларға жалғыз адам жерленген және адамнан жоғары деңгейде атты және ат терісін жерлеген Қызылту, жалғыз адам ат және ат терісімен бірге жерлен-

ген, сонымен бірге ат әбзелдері және кенотаф кездескен Славянка жатады. Ал Зевакино обаларында жалғыз адамды және төменірек атпен қоса жерлеу (кейде итпен бірге) және бір үйінді астында бірнеше қабір болатын да кез бар²⁹.

VIII–X ғғ. жататын ірі ескерткіштердің бірі Павлодар Ертісі бойындағы Бобровск обалар тобы³⁰. Бұған жалғыз адамды өртеп, атпен бірге жерлеген лақатты жерлеу және қабірде ағаш раманың болуы тән. Қабірдің ішкі құрылысын бөрене құрайды. Бобровск обалар тобындағы он екі обадан қырық төрт ыдыс шықты. Павлодардағы басқа обалар тобы аттың бассүйегі мен омырт-қасын жерлеу, сопақша қабірлердің қайың бөренеммен жабылуы, ағаш жәшікке жерлеу, бір үйінді астында бірнеше қабірдің болуы және жануарлардың сүйегінің табылуы тән қасиет.

Алайда көне түріктердің жерлеу ғұрпы жөнінде сан қилы, күрделі көріністі материал Шүлбі археологиялық экспедиция қазбасынан алынды. Бұл зерттелген ескерткіштерге өзеннің оң жағындағы жеті (Ақши I, Ақши II, Ақши III, Қарашат I, Қарашат II, Сандық қала, Көғалы I) және сол жағындағы бес (Жартас, Ковалевка, Темірқанқа II, Измайловка, Белокаменка) IX–X ғғ. обалар тобы жатады. Қазбаға дейін ерте көшпелілер обасы типтес болып келген бұл тас обалар өздерінің сақталуымен көлеміне қарай бір немесе бірнеше қосарланған қабірден кездесті.

Қазақ Алтайындағы қимақ дәуірі обаларына тән қасиет – қоршаулардың жер беті құрылысы квадрат, сырты дөңгелек, іші квадрат (Темірқанқа II, №2 объект; Ақши II, №1 объект; Қарашат I, №23 объект; Көғалы II, №8 объект т.б.) формада болып келуінде. Сонымен бірге Туваның Аргалықты VIII, №2 оба; Аргалықты IX, №1 оба; Қа-ратал IV, №2 обалар тобына ұқсас дөңгелек формадағы Ковалевка, Ақши III, Қарашат I, №21 объект немесе іші квадрат формада келетін Ақши III, №2 объекті де баршылық.

Қорыта айтқанда, Қазақ Алтайына тән жер-гілікті халықтың өз мәдениеті болғандығы ай-қын, соның

²⁶ Арсланова Ф.Х. Курганы с трупосожжениям в Верхнем Прииртышья // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972. 75 б.

²⁷ Арсланова Ф.Х. Памятники Павлодарского Прииртышья (VII–XII вв.) // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата, 1968.

²⁸ Евтохова Л.А., Киселев С.В. 1941. 103-113 б.

²⁹ Арсланова Ф.Х. Погребения тюрокского времени в Восточном Казахстане // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969. 43-57 бб.; Арсланова Ф.Х., Клышторный С.Г. Руническая надпись на зеркале из Верхнего прииртышья // Тюркологический сборник. М., 1973.

бірі көрінісі ретінде обалардың жер беті құрылысын айтуға болады.

IX–X ғғ. Қазақ Алтайында өмір сүрген қимақ тайпалық бірлестігінің этникалық құрамының әртүрлілігі обاداғы жерлеу ғұрпының әртүрлілігімен сипатталады. Кремация, ингумация әдісімен жерленген көптеген обалардың ашылуына қарай олардың этникалық шығу тегі туралы айту әлі ерте. Ары қарай толық зерттеуді қажет етеді және сrostкин мәдениеті таралған аймақта оның анық классификациясын жасау – бүгінгі күннің талабы.

Жоғарғы Ертіс бойынан табылған заттар қимақ археологиялық мәдениетінің жоғарғы Ертістік вариантын ашып берді. Оларға алдаспан, ішкі үлкен дөңгелегі мен сегіз тәрізді түйінді ауыздық, үш қанатты, онша биік емес пластина мен ілмегі бар үзеңгі, үшкір ұшты қола немесе сүйек тоғалар, ұзын белбеудің айылбасы, домалақ ілмекті қола сырғалар және көбінесе геометриялық өрнекте әшекейленген және алтындалған ат әбзелдер мен белдіктер, қымбат металдардан жасалған қияли жануар бейнелері (грифон, қанатты барыс және т.б.) жатады. Сонымен қатар бұл ескерткіштер көшпелілердің Орталық Азиядағы отырықшы халықпен мәдени байланыста болғанын көрсетеді. Бір тарихи кезең ішіндегі жоғарғы Ертіс бойындағы қимақ археологиялық ескерткіштерінің этникалық стратиграфиясының күрделілігі бір этноәлеуметтік бірлестік құрамында қысқа уақыт ішінде пайда болып және ары қарай өз жерлеу ғұрыптарын сақтап, дамытқан көп тайпалы ел мәдениетімен түсіндіріледі. Қазақ Алтайындағы қимақ мәдениетіне сrostкино мәдениетінің Батыс Алтайлық варианты жақын келеді. Бұл вариант ескерткіштерінде Таулы және Қазақ Алтайында «ұйғырлық» деп аталатын жерлеу ғұрпы жоқтың қасы.

Әр археологиялық объектінің материалдық жағы болуымен қатар сол кезең халқының дүние-танымдық идеологиясын да білдірсе керек. Өз кезінде көне түрік дүниетанымы катал да, мықты жүйе болса да, бізге жеткен мыңнан астам жыл бойы көбін жоғалтты және жаңа бейнелер, түсі-ніктермен толығып өзінің алғашқы қалыбын жоғалтқаны анық. Жазба деректерде көне түрік тайпаларының космологиялық және мифологиялық түсінігі туралы дерек аз және осы жүйенің негізгі идеясы мен нышаны түрік және моңғолтіл-дес халықтардың шамандық дәстүрінде

сақталды.

Өз бастауын андронов тайпаларынан алатын, классикалық формаға түрік дәуірінде жеткен қоршаулар этникалық емес, әлеуметтік белгіні көрсетіп, сол кезең халқының шаруашылығын, дүниетанымын білдіреді. Тас қоршаулардың функционалды (қоршау – өлген адам рухының аға-йын-туысымен кезігетін орны) және сакральды мәні (құрбандық шалу кезінде өлген адам рухы тас мүсінге қонып, құрбандық шалуға қатысады) бар. Түріктердің о дүние туралы ойын, өмір мен өлім туралы түсінігін ғұрыптық ескерткіштердің салынуы мен оның мәнін ашып барып көруге болады. «Қытайдағы ұлттар тарихы» атты кітап-тың авторы Цзян Йнлянь: «түріктерде өлікті өртеген. Онда алдымен киіз үйге қойып, сосын марқұмның бала-шағасы мен туған-туысқандары үй-дің алдында қой, жылқы сойып, құрбан шалады. Туыстары атпен үйді жеті рет айналып шығады, олардың ішінен біреуі есіктің босағасында тұрып, пышақпен бетін тіліп, дауыс салып жылайды және осылай жеті рет қайталады. Осыдан кейін марқұмның тірі кезінде мінген атын, киімдерін, пайдаланған заттарын өлікпен бірге өртеп, күлін алып көмген» дейді. Осыған орай В. Д. Кубарев-тің жасаған болжамы қызық. Ол «қоршаулар өлген адамның рухынан туған-туысқандарын қорғау функциясын атқарған», – дейді. Сонымен бірге ғұрыптық ескерткіштер – өлген адамның о дүниеге аттанардағы соңғы тұрағы болып есептеледі. Қысқы үйге ұқсас бұл қоршаулар³¹ дөңгелек немесе жер нышаны іспеттес квадрат формада келеді. Қоршаулардың іші қоршаудың биік жерде, жол бойында орналасуына байланысты жолаушылар есебінен немесе құрбандық шалғанға қатысқан адамдар есебінен толтырылуы мүмкін. Осыдан барып жолаушылардың сыйынып «ақтық» байлауы шығады.

Көне түрік қоршауларындағы өсіп тұрған ағаш (балқарағай) немесе дінгек семантикасы Әлемдік ағашпен байланысты. Әлем халықтары мифологиясында – өмір ағашы, таным ағашы, шаман ағашы деп кездесуімен қатар дүние осі, әлем тауы, әлем адамы бейнесі рөлін атқарады. Әлем ағашы туралы шамандық картада былай келтіріледі: «жердің ортасында төртбұрышты, жалпақ аңшы бабалар резиденциясы – Мұзтау орналасқан. Одан жоғары Сүткөл атты көл және ең биік тау басындағы жер кіндігінен алтын жапырақты алтын бәйтерек өсіп тұр.

³⁰ Арсланова Ф.Х. Бобровский могильник // Изв. АН КазССР. Сер. общ. наук. Вып. 4. 1963. 68-80 бб.

³¹ Кубарев В.Д. 1979. 96 б.

Осы ағаш басы Көкке же-тіп тұр. Осы ағаш арқылы шаман Көкке жетеді³².

Ғұрыптық ағаш тамыры – төменгі, ортасы – ортаңғы, ағаш басы – жоғарғы әлемді, яғни үш сфераны білдіреді. Тіпті Алтай мифологиясында Көк пен Жерді жалғастырушы Сумеру тауының шыңы Темірказық жұлдызына дейін жетіпті, ал оның жанында Көкке шығар «тесік» болыпты³³. Осы ой көне түркі қоршауларында көрініс тапты. Қоршау ішіне шұңқыр (тесік) қалдырып, тас үйді. Осы «көктегі тесік» арқылы шаман ағашы өсті, шаман өлген адам жанын ағаш арқылы Көкке жеткізеді және өзі Көк пен жерді байланыстырушы есебінде сол кезең халқында құрметке ие болды және жоғары тұрды.

Қазіргі түркітілдес халықтар мифологиясында Қарақұс бейнесінің сақталуы, оның шамандық ғұрыппен байланысы, сонымен бірге Күлтегін статуясындағы баскиімдегі және Хул-Асхет рельефиндегі жабайы құс руникалық текстеріндегі ұшып жүрген адам жанымен бейнелегендігін көрсетеді. Макрокосмстық вертикальды моделі тек ғұрыптық қоршаулар құрылымында ғана көрініп қоймай, қоршаудың шығысындағы балбалдың төменгі әлем, өліктің тас мүсіні – орта әлем және батыс бөліктегі қоршаудың жоғарғы әлемді білдіруімен де байқалады. Өлген адам рухын о дүниеге апарушы, жеткізуші рөлін тек қана белгілі бір түсті, тұқымды ат алып қоймай, сонымен бірге мифтік Алып Қарақұс немесе Қарақұс та үлкен рөл атқарды³⁴.

Суйшу дерегінде: «бес ай мөлшерінде көптеген қой мен жылқылар сойылады. Осы құрбандыққа шалынған малдың бірде-бір бассүйегін қалдырмай Қарақшы белгіге іледі» деуі және осы қарақшы белгілерді ағаш дінгектер мен балбалдар құрауы мүмкін дегенге ой тірейді.

Руникалық текстерде сегіз рет кезігетін «балбал» термині көпше түрде келеді. Яғни, балбалдар саны бірден жүзге дейін жетеді. Осы балбалдар тек өлген адамның өлтірген жауы санына емес, қанша мал құрбандыққа шалуына³⁵ немесе құрбан шалуға қатысушылар санына байланысты орнатылуы мүмкін. Сонымен бірге кейбір зерттеушілер

пікірінше, балбалдар – ат байлайтын дінгек-сәрге қызметін атқарған³⁶.

Өмірінің көп бөлігін далада өткізетін көшпелілер үшін Көк пен Жер «үлкен үй» екені сөзсіз. Қазақтардың түсінігі бойынша, мифологиялық әлем үш сатылы, үш деңгейде – «Көкте де сіз тірілер арасында боласыз. Олар белдікті тамағынан, біз ортада – жерде тұрамыз, біз белдікті белден тағамыз. Ал төменгі әлемдегілер аяғынан белдік тағады»³⁷ тіпті қазақ киіз үйінде (кереге, уық, шаңырақ және түндік, туырдық, үзік – үш сфера, бақан – әлем ағашы) кішкентай Макрокосмсты береді³⁸.

VI–X ғғ. түрік жазба деректерінде «үш әлем» концепциясы анық орын алмаған, тек мынадай шумақ келтірілген: «биікте көк тәңірі төменде кара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» (Күлтегін ескерткіші). Ал кеңіс-тікгі горизонтальды классификациялауға Күлтегінде кем дегенде 15 рет кезігетін «алдыңғы (шығыс) – артқы (батыс)», «оң жақ (оңтүстік) – сол жақ (солтүстік)» тән³⁹, Кеңістікті вертикальды түрде бөлуде космикалық (жоғары (көк) – төмен (жер), әлеуметтік (қаған – кара будун) және түр-түстік (Көк Аспан – Қоңыр Жер) түсініктер мен классификациялау бар.

Ғұрыптық ескерткіштердегі «әлем ағашы» жер кіндігі саналып, үш сфераны білдірсе (алтайлықтарда үйленгенде тігілген күркеден асып тұрған жасыл желекті ағаштың басы – көкті, ортасы – адамдар әлемін, ал тамыры – төменгі сфераны білдіреді екен), ондағы ағашқа терісі, бассүйегі т.б ілінген құрбандық аты өлген адамды жоғарғы сфераға жеткізуші рөлін атқарады. Бұған әлі күн-ге дейін Ауғанстан қазақтарында сақталған және 1997 жылғы қазақ-француз экспедициясы Майе-мер ауылында қазылып, кейін қайта жаңғыртылған қоршау дәлел.

Қазақ пен моңғол халқындағы құрбандыққа шалынған аттың бассүйегін биік жерге кою, жалпы сүйегін т.б тастамау, сындырмай бір жерге жерлеу дәстүрі төркінін түркі дәуірінен алса керек.

Жалпы қоршаулар жоғарғы және төменгі сфе-

³² Кураковская Л.Э. 1935. 162 б.

³³ Басилов В.Н. 1984. 66 б.

³⁴ Басилов В.Н. 1987. Т. 1. 622 б.

³⁵ Шер Я.А. Каменные изваяния Семиречья. 1966. 50 б.

³⁶ Қубарев В.Д. 1979. 96, 150 бб.; Хороших П.П. 1972. 93-96 бб.

³⁷ Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 4-т. 58 б.

³⁸ Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. Алматы, 1991. 152 б.

³⁹ Кононов А.Н. 1978. 73-74 бб.

раны байланыстырушы. Ортаңғы сферадағы «тесік». Көнестүрік дүниетанымында кеністікті вертикальды түрде үш сфераға бөлу және әр сферада өз құдайларының болуымен ерекшеленеді. Мысалы, Көкте-Тәңірі, Умай (Май-Ана), Жер-су⁴⁰.

Алтай халқы танымы бойынша үшбасты Мұзтауда мекендейтін Умай ана (Май-Ана) молшылық пен баланың туу және қорғау жөніндегі және таза рухтар мен тәңірі арасындағы кейіпкер Ана. Қазақта «май әулие болмаса, жарылқайтын қай әулие» және «менің қолым емес, Бибі Бәтима, Умай ана, Қамбар ана қолы» және тағы басқа Умай-анаға байланысты қалдықтар сақталған. Май-ана бала қыркынан шыққанға дейін шайтан, албасты, пері, жындардан сақтайды деп сенген және де ауылға түскен келіннің ошаққа май құюының өзі Май-Анаға табынуы болса керек.

Көне түріктердің дүниетанымында әр тау, өзен, жердің өзінің иесі бар деп есептелінеді. Бұлақ және оның иесін қасиет тұту, отырыс деп Умай анаға құрбандыққа ақ қой шалу және әр асудың өз иесі (ажу ээзи) бар деп жолы болу үшін ашық түсті лентаны құрбандық шалынған жерлерге немесе жалғыз тұрған ағашқа (тек қарағай, не қайың) байлау немесе ат жалын кесіп обооға тастау т.б. бүгінгі күнге дейін жеткен дәстүр.

Резюме

Рассматриваются некоторые вопросы изучения мировоззрений древних тюрков Казахского Алтая на основе раскопанных погребально-поминальных памятников этого же региона в сравнении с соседними областями.

Summary

The main questions of researching of outlooks on history of Ancient Turks of Kazakh Altai on the basis of excavated ritual and buried monuments of the same region in comparison with the next areas it is examined in the article.

⁴⁰ Длужевская Г.В. 1974. 233 б.; Кляшторный С.Г. 1977. 132, 201 б.